

Медицина және фармацевтика қызметкерлеріне біліктілік санаттарын беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2002 жылғы 6 желтоқсандағы N 1071 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 15 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 2120. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2004 жылғы 25 ақпандағы N 190 (V042763) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы "Білім туралы" N 389 -І, 1997 жылғы 19 мамырдағы "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" N 111-І Заңдарын, "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 қарашадағы N 1465 қаулысын орындау үшін және медицина және фармацевтика қызметкерлеріне біліктілік санаттарын беру жүйесін жетілдіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Медицина және фармацевтика қызметкерлеріне біліктілік санаттарын беру ережесі бекітілсін.

2. "Жоғары медициналық және фармацевтикалық білімді мамандарды біліктілік санатын беруге аттестациялауды өткізудің ережесі туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігінің төрағасы міндетін атқарушының 2001 жылғы 1 маусымдағы N 530 бұйрығының күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Медициналық ғылым және білім департаментінің директоры Н.Хамзинаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген сәтінен бастап күшіне енеді.

Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Д е н с а у л ы қ с а қ т а у м и н и с т р і н і ң
2 0 0 2 ж ы л ғ ы 6 ж е л т о қ с а н д а ғ ы
N 1 0 7 1 б ұ й р ы ғ ы м е н

бекітілген

**Медицина және фармацевтика қызметкерлеріне
біліктілік санатын беру**

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы "Білім туралы" N 389-І, 1997 жылғы 19 мамырдағы "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" N 111-І Заңдарының, "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 қарашадағы N 1465 қаулысының негізінде әзірленген Медицина және фармацевтика қызметкерлеріне біліктілік санатын беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінде жұмыс істейтін жоғары және орта кәсіптік білімді мамандардың біліктілік санаттарын алудың тәртібін айқындайды.

2. Біліктілік санатын алу үшін жоғары және орта медициналық және фармацевтикалық білім қажет.

3. Біліктілік санаты денсаулық сақтаудың мемлекеттік жүйесінде жұмыс істейтін мамандарға, ғылыми, ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге, денсаулық сақтаудың мемлекеттік емес секторында жеке медицина практикасымен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын мамандарға (бұдан әрі - мамандар) беріледі.

Біліктілік санаттарын беруді Қазақстан Республикасының азаматтардың денсаулығын сақтау саласындағы уәкілетті орталық атқарушы органы (бұдан әрі - уәкілетті орган) Қазақстан Республикасының аумағында қолданыстағы дәрігерлік және фармацевтикалық мамандықтар номенклатурасында көзделген мамандықтар тізбесіне сәйкес жүргізеді.

4. Медицина және фармацевтика қызметкерлерінің біліктілігі мынадай үш біліктілік санаты бойынша айқындалады:

- 1) екінші санат;
- 2) бірінші санат;

3) жоғары.

5. Маман негізгі, сол сияқты қоса атқаратын қызметтеріне сәйкес мамандықтар бойынша біліктілік санатын алуына болады.

6. Қызметкерлерге берілген біліктілік санаты бес жыл бойы сақталады. Бұл мерзім өтіп кетіп және кезектегі біліктілік санатын беру рәсімінен өтпеген жағдайда бар санаттың күші жойылады.

7. Біліктілік санатын беру кезінде дәйектілікті сақтау керек: екінші, бірінші, жоғары санаттар, ғылыми дәрежелері бар адамдардан басқа, мыналарға:

1) медицина және фармацевтика ғылымдарының кандидаттарына осы мамандығы бойынша кәсіби талаптарына сай кем дегенде 8 жыл (ауылдық жерде - кем дегенде 6 жыл) жұмыс стажы болған кезде екінші емес, бірден бірінші санат беріледі;

2) медицина және фармацевтика ғылымдарының докторларына осы мамандығы бойынша кәсіби талаптарына сай кем дегенде 11 жыл (ауылдық

жерде кем дегенде 9 жыл) жұмыс стажы болған кезде екінші мен бірінші емес, бірден жоғары санат беріледі.

8. Денсаулық сақтау ұйымдарындағы қызметтермен айналысуға жіберілген медициналық білімі жоқ мамандарға біліктілік санатын беру осы Ереженің талаптарына сай жүргізіледі.

9. Біліктілік санатына үміткер мамандар уәкілетті органға өтініш береді.

10. Маман өтінімге мыналарды қоса беруге міндетті:

1) ұйым басшысы бекіткен, жұмысы мен азаматтардың денсаулығын сақтау ісіне өзінің қосқан үлесін сипаттайтын көрсеткіштерді талдай отырып, соңғы үш жылдағы өндірістік қызметі туралы есебін (ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің немесе ғылыми-зерттеу институттары, оқу ұйымдары дәрігерлерінің есебіне рецензияны осы мекеменің басшысы беруге тиіс);

2) нотариус куәландырған дипломның көшірмесін;

3) нотариус куәландырған біліктілігін көтеруден өткені туралы куәліктің көшірмелерін;

4) ұйым басшысы қол қойған және мөр басылған өндірістік мінездемесін;

5) жұмыс орны бойынша ұйымның басшысы растаған, жарияланған мақалаларының тізімін;

6) мамандығы бойынша жұмыс стажының болуын растайтын құжаттардың көшірмесін;

7) нотариус куәландырған біліктілік санатын беру туралы куәліктің көшірмесін.

11. Уәкілетті орган осы уәкілетті орган басшысының бұйрығымен құрылатын мамандандырылған біліктілік комиссиясының ұсынымы негізінде өтініш жасалған біліктілік санатын беру немесе оны бермеу туралы шешім шығарады.

12. Маман біліктілік талаптарына сай келмеген жағдайда, оған біліктілік санаты берілмейді.

13. Егер қызметкерге өтініш жасаған біліктілік санаты берілмесе, ол бұрынғы санатында қалады.

14. Біліктілік санатын беру рәсімдеріне байланысты даулар қолданыстағы заңға сәйкес қарастырылады.

2. Біліктілік талаптары

15. Біліктілік санаттарын алу кезінде кәсіби біліктілігі, құзыреттілігі, атқаратын қызметіне сәйкес лауазымдық міндеттерін орындау қабілеттілігі, жүйелі түрде біліктілігін арттыруы бағаланады.

16. Екінші біліктілік санаты сол мамандық бойынша кем дегенде бес жыл жұмыс стажы бар, ал ауылдық жерлерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика мамандары үшін - кем дегенде үш жыл жұмыс стажы бар, мынадай кәсіби талаптарға сай келетін медицина және фармацевтика

қызметкерлеріне

беріледі:

1) маманның біліктілік талаптарымен көзделген мамандықтар бойынша тиісті білімі мен практикалық дағдылары болуға тиіс;

2) жоғары медициналық және фармацевтикалық білімді маманның мамандығы бойынша соңғы 5 жылда кем дегенде бір жарияланымы болуға тиіс, ал ауылдық жерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика мамандары үшін аудандық және облыстық бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдары есептеледі;

3) маман соңғы 5 жыл ішінде кәсібі бойынша жалпы көлемде кем дегенде 144 сағат (курстар, циклдер, тағылымдама), белгіленген үлгідегі құжатты берумен расталған біліктілік арттыру мен қайта даярлаудан өтуге тиіс.

17. Бірінші біліктілік санаты сол мамандық бойынша кем дегенде сегіз жыл жұмыс стажы бар, ал ауылдық жерлерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика мамандары үшін - кем дегенде алты жыл жұмыс стажы бар, мынадай кәсіби талаптарға сай келетін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне беріледі:

1) маманның біліктілік талаптарымен көзделген мамандықтар бойынша тиісті білімі мен практикалық дағдылары болуға тиіс;

2) жоғары медициналық және фармацевтикалық білімді маманның мамандығы бойынша соңғы 5 жылда кем дегенде 2 жарияланымы болуға тиіс, ал ауылдық жерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика мамандары үшін аудандық және облыстық бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдары есептеледі;

3) маман соңғы 5 жыл ішінде кәсібі бойынша жалпы көлемде кем дегенде 144 сағат (курстар, циклдер, тағылымдама), белгіленген үлгідегі құжатты берумен расталған біліктілік арттыру мен қайта даярлаудың бір түрінен өтуге тиіс.

18. Жоғары біліктілік санат сол мамандық бойынша кем дегенде он бір жыл жұмыс стажы бар, ал ауылдық жерлерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика мамандары үшін - кем дегенде тоғыз жыл жұмыс стажы бар мынадай кәсіби талаптарға сай келетін медицина және фармацевтика қызметкерлеріне беріледі:

1) маманның біліктілік талаптарымен көзделген мамандықтар бойынша тиісті білімі мен практикалық дағдылары болуға тиіс;

2) жоғары медициналық және фармацевтикалық білімді маманның мамандығы бойынша соңғы 5 жылда кем дегенде 3 жарияланымы болуға тиіс, ал ауылдық жерде жұмыс істейтін медицина және фармацевтика мамандары үшін аудандық және облыстық бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдары есептеледі;

3) маман соңғы 5 жыл ішінде кәсібі бойынша жалпы көлемде кем дегенде 144

сағат (курстар, циклдер, тағылымдама), белгіленген үлгідегі құжатты берумен расталған біліктілік арттыру мен қайта даярлаудың бір түрінен өтуге тиіс.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ